



№ 24 (1534)  
24 маусым  
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## Үздіктер анықталды

**Биылғы оқу жылы 80 жылдық мерейлі мерекемен ерекшеленген жыл. Мерейтойлық марапаттаулар, құттықтаулар легі әлі де толастар емес. Ал, индикативті жоспарға сай 2013-2014 оқу жылының үздіктерін анықтайтын рейтинг өз мәресіне жетті. Кешегі ректорат отырысында Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы оқытушы-профессорлар құрамының, кафедралар мен факультеттердің рейтингісін жариялады.**


жұмыстарды біріктіретіні белгілі. Осы ретте Мұхамбетқали Мырзабайұлы аталмыш бағыттар бойынша нәтижелерге жеке-жеке тоқталды. Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша – заң, ЭЖБЖМ және журналистика факультеттері, ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша – химия және химиялық технология, физика-техникалық және заң факультеттері, әлеуметтік жұмыс бойынша журналистика, биология және биотехнология және заң факультеттері озық шыққан.

Сонымен өнімділік бойынша биыл факультеттер арасында заң факультеті алға шығып, ең үздік атанды. Химия және химиялық технология факультеті өткен жылғы көрсеткішін сақтап, екінші орыннан табылды. Ал былтыр алғашқы болған физика-техникалық факультеті биыл факультеттер рейтингінде үшінші орынды місе тұтып отыр. Келесілерді тізбелесек, журналистика, биология және биотехнология, ЭЖБЖМ, халықаралық қатынастар, тарих, археология және этнология, табиғаты пайдалану факультеті, философия және саясаттану, ЖОО-ға дейінгі дайындық факультеті, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеттері.

Факультеттердің жалпы өнімділігі – оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы және әлеуметтік

Бірінші проректордың айтуынша, рейтингтік жүйені алғаш енгізген 2011 жылмен салыстырып қарағанда факультеттерде көптеген өзгерістер бар. Көзқарас та басқаша. Соған сай нәтиже де көңіл қуантарлық. Ол бұл жүйенің университеттің даму көрсеткішін, оның ішінде әрбір факультет, кафедра мен оқытушының қосқан үлесін ашық көрсететінін атап өтті. Мұхамбетқали Мырзабайұлы өз хабарламасында өнімділік және аталмыш бағыттар бойынша 62 кафедраның және оқытушы-профессорлар қауымының көрсеткіштерімен толық таныстырып шықты. Ректорат мүшелері рейтинг қорытындыларын қызу талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткеніміздей, мерейтойлық салтанатты сәттер жалғасуда. Мәжіліске Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Жұманәлиқызы арнайы қатысып, бірқатар ҚазҰУ



оқытушыларына қажырлы еңбегі мен белсенді ғылыми-педагогикалық қызметі және жоғары білікті мамандарды даярлауға қосқан мол үлесі үшін Алматы қаласы әкімінің құрмет грамотасын табыстады. Сонымен қатар ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы Бақтыбай Әшімбекұлы қонақта болып, «Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері» төсбелгісімен ҚазҰУ ғалымдарын марапаттады. Ол Қазақстандағы химия өнеркәсібінің жай-күйіне тоқтала отырып, аталмыш төсбелгіні алғаш ҚазҰУ ғалымдарының иеленіп отырғанын атап өтті.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

## ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ ЖҮРЕК

**Жақында ҚазҰУ жанындағы академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығында ғалымның өмірден озғанына 50 жыл толуына арналған дөңгелек үстел өтті. Жалпы және этнопсихология кафедрасы мен «Мектептегі психология» журналы ұжымының қолдауымен өткен шараға белгілі қоғам қайраткерлері, жазушылар, ғалымдар, журналистер және ғалымның шәкірттері қатысты.**

Қазақ елінің мәдени-саяси өмірінде ерекше орынға ие дара тұлға, дарынды басшы, қазақ психологиясының негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытовтай ұстаздың ізін жалғастырушы Төлеген Тәжібайұлының ғылыми-педагогикалық, қоғамдық, қайраткерлік қызметі жайлы сөз қаузауды мақсат еткен жиынды педагогика, психология ғылымдарының докторы, Қазақстан педагогикалық академиясының құрметті академигі, академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры Құбығұл Жарықбаев ашты. «Төлеген Тәжібаев – қазақтың ұлттық психологиясын, ұлттық мінезін зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген ғұлама ғалым. Ол Кеңестік Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының негізін салушы ғана емес, қайсібір істі атқармасын ұлтқа деген жанашырлықты, ұлтқа деген қамқорлықты бірінші жолға қойған ұлы тұлға. Сондықтан қазақтың ұлттық намысы, ұлттық абыройы, ұлттық мінезі, оның даму жолдары турасында мәселе көтерген тұңғыш психолог та Төлеген ағамыз еді», – деген орталық директоры өз сөзінде ғалымның сонау 40 жылдардың өзінде

мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды орыс тілімен қатар қазақ тілінде бірдей жүргізуді, қазақ балаларын оқытуды, балабақшада балаларды қазақша тәрбиелеуді жолға қойған ерлік істеріне шолу жасап өтті. Аталған мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпағанын айта отырып, Құбығұл Бозайұлы ғалымның ұлтына деген ұлы махаббатын өскелең ұрпаққа үлгі ету, дәріптеу арқылы бойына сіңрудің бүгінгідей жаһандану заманындағы аса маңыздылығына тоқталды. Өз кезегінде ардагер журналист Мамадияр Жақып: «Төлеген Тәжібаев 30 жасында халық ағарту комиссары, 32 жасында – республика үкіметі төрағасының орынбасары, алғашқы Сыртқы істер халық комиссариатын ұйымдастырушы және оның халық комиссары. Біріккен ұлттар ұйымының мінберінен сөйлеген тұңғыш қазақ. Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры. Республикада психология және педагогика ғылымдарының негізін қалаушы, академик, – дей келе осынау биіктердің бәрине шыққан тұлғаның орны айрықша екендігін айтты. Сонымен қатар қатысушылар ғалымның ауыр балалық шағынан, ғалымдық қалыптасу жолы мен қайраткерлік қызметтері, әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдары, тың игеру кезеңіндегі ел үшін атқарған ерен еңбегі мен қазақ жастарына, қазақ тіліне қамқорлығы жөнінде кеңінен сөз тарқатты.

Жиын барысында Құбығұл Бозайұлы Төлеген Тәжібаев ғалымның ауқымдылығына назар аударды. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, іскер азаматтың өмірі мен қызметі, жалпы атқарған ісі туралы қаншама ғалым қалам тербеп келе жатқанын тілге тиек етті. Бұл тақырыптың үңілген сайын берері молая түсерін айта келе, орталық директоры профессор М.К. Ахметованың «Академик Т.Т. Тәжібаев и современная психологическая

наука Казахстана» атты кітабын көпшілікке таныстырып, тұсауын кесті.

1948 - 1953 жылдары қара шаңырақ ҚазҰУ-ды басқарып, университет өміріне тың өзгеріс, жаңа екпін әкелген білікті басшы, белгілі ғалымның қай қызметте болса да парасат биігінен көріне білгені даусыз. Сондықтан жиналған қауым қазақтың біртуар азаматы Т. Тәжібаев есімін ұрпақ жадында мәңгі сақтау мақсатында оның атына Алматы қаласынан көше берілсе деген ұсыныстарын жеткізді. Тілектерін хатқа түсіріп, тұжырымдамаға бекітті.

Бұл жиын университетте дәстүрлі түрде өтіп тұратын Төлеген Тәжібаевқа арналған конференциялар, «Тәжібаев оқулары» сынды жастарға берері мол тәлімді іс-шаралардың заңды жалғасы. Бұл жолы да көпшілік Төлеген Тәжібаев сынды әрбір жас ұлтын сүйе білсе, аянбай еңбек етсе, ұлтымыз Мәңгілік елге айналары анық деген ниетпен тарқасты.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>“ЖУРНАЛИСТИКА НЕГІЗДЕРІ” ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ</b></p>  <p><b>2-бет</b></p>	<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>ЖИЗНЬ КАК СЛЕЗА</b></p>  <p><b>5-бет</b></p>	<p><b>БҮГІНГІ САНДА:</b></p> <p><b>ҚАЗАҚСТАН БІЛІМДІ ЖАСТАРЫМЕН МАҚТАНУЫ ТИІС</b></p>  <p><b>6-бет</b></p>
---	--	---

## «ЖУРНАЛИСТИКА НЕГІЗДЕРІ» ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында журналистика факультетінде еліміздің 14 облысынан келген зияткерлік мектептері оқушыларына арналған «Журналистика негіздері» жазғы мектебі өтті.



Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушылары – еліміздің интеллектуалды әлеуетінің негізін қалайтын жаңа толқын, жас ұрпақ. Сондықтан да аталмыш білім беру ұйымдары елдің ертеңі қолға ұстар жас өрендерді тәрбиелеуде инновациялық жобаларды алғашқылардың бірі болып жүзеге асырып отырған білім ордасы.

Сегіз күндік жазғы мектеп бағдарламасының әр сағаты қызықты да танымдық тұрғыда өтті. Білім мен ғылым жолында ізденіп жүрген жас өрендер журналистиканың қыр-сырын үйренумен қатар, тарихымен, даму бағыттарымен, заманауи талаптарымен танысты.

Жазғы мектептің басты мақсаттарының бірі - «Зияткерлік мектеп оқушысына ұсынылатын 100 кітап» жобасының аудиохрестоматиясын әзірлеу. Аталған қысқа мерзімде оқушылар қазақ әдебиеті және әлем классикасы құнды шығармаларын «Әл-Фараби» радиосында дыбыстады. Жұмыс кестесі

қаншалықты тығыз болса да, барлық аймақтан келген 22 оқушы қатысқан жоба сәтті аяқталып, олар ата-аналары мен ұстаздарын қуантарлықтай өздері дыбыстаған аудиохрестоматияларын алып қайтты.

Жазғы мектеп күндері баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының оқытушы-профессорлары оқушыларға ерекше ынтымақтастықпен, шығармашылық ізденіспен шеберлік-сыныптарын өткізді. Марат Барманқұлов атындағы телерадиокешенінің инженерлері аудиохрестоматияның дыбысталуына, өңделуіне көмек көрсетті. «ҚазҰУ студенті оқуі тиіс 100 кітап» жобасы ел-елде қолдау тауып, зияткерлік мектептерінде жалғасын тауып отыр. Алда екі білім ордасы арасында шығармашылық ынтымақтастық пен бірлескен жобалар орындалмақ.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА

## ОҚУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ

Оқу үрдісінде оқу тәжірибелерінің алатын орны ерекше екені мәлім. Әр мамандық тәжірибелерінің өзіндік ерекшелігі бар. Ал университетте «туризм» мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттердің жыл сайын танымдық ой-өрісін кеңейту үшін және теорияда алған білімдерін тәжірибеде шыңдау үшін шетелге бару тәжірибелерінің алатын орны ерекше.



Ия, туризм ел дамуының тиімді тетігі. Ал жастар үшін туризм ерекше қарқын алған елдердің тәжірибесімен танысуы үлкен маңызға ие. Сонымен бірге Қазақстандағы туризмді табыс көзіне айналдыру - бұл күннің талабы.

Бұл жолы ҚазҰУ студенттері жазғы тәжірибелік саяхатын Өзбекстан, Түркия, БАӘ елдерінде өткізді. Иә бұл елдердің қайсысын алсақ та, бүгінде туризм арқылы табыс тауып отырғаны баршамызға аян. Көршілес жатқан Өзбекстанның Ташкент, Самарқанд, Бұхара қаларын, БАӘ-нің Абу-Даби және Дубай қалаларын, ал Түркияның Анкара, Троя, Пергам,

Каппадокия, Памуккале қаларын аралаған студенттер сол елдерде туризм индустриясының қандай деңгейде дамып жатқанына куә болды. Студенттер сол елдерде ұйымдастырылған халықаралық тәжірибелік семинарларға қатысып, сертификаттарға ие болды.

Студенттер сапар барысында аталған елдер мәдениетінің құндылығы мен ондағы туризм кластері және туризм нарығы дамуының құрылымы, сервистік қызмет көрсету ерекшелігімен танысып қайтты.

Бұл тәжірибелер болашақ туристік кадр мамандарына тамаша әсер сыйлап қана қоймай, сол елдерде көрген түйгендері Қазақстан туризмі дамуына өз үлестерін қосады деген сенімдемін. Жалпы мұндай тәжірибелер болашақ туризм саласы үшін қажетті мамандар даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

А.Ш. ШАКЕН,  
рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы

Преподаватели факультета журналистики 16 июня 2014 г. приняли участие во встрече с представителем европейской компании Axel Springer SE Franziska Sachsse. В ходе презентации Издательства и его продукции, на базе Научной библиотеки, гостя КазНУ им. аль-Фараби ответила на наши вопросы. Мы рады поделиться новостью, что магистранты и ИПС факультета могут пройти стажировку в престижном издательстве, после предварительных договоренностей. Филиалы Издательства расположены не только в Германии, но и в Стамбуле. Авторы книг и учебников из Казахстана могут в перспективе издаваться в этом известнейшем зарубежном издательстве, это входит и в планы издательства «Қазақ университеті».

## «БОЛЕЕ 8,5 МЛН. НАУЧНЫХ ДОКУМЕНТОВ НА КОНЧИКАХ ВАШИХ ПАЛЬЦЕВ»

Из истории предприятия. Основанный в 1946 году немецким журналистом Акселем Шпрингером издательский дом Axel Springer SE сегодня – один из крупнейших в Германии и в Европе. Он занимает верхнюю строку рейтинга издательских научных баз, наряду с Elsevier, Informa, Wiley. Более 2000 газет и журналов издается ежегодно, 3% из них приходится на гуманитарные и социальные науки. Охват ежегодных публикаций – более 150 тысяч авторов. Все публикации на данный момент оцифрованы.



Основными стратегическими приоритетами компании являются: завоевание лидирующих позиций на рынках немецкоговорящих стран, расширение международного присутствия, а также развитие сектора электронных изданий. В Восточной Европе компания представлена в Венгрии, Польше, Чешской Республике и России. В Западной – представительства работают во Франции, Испании и Швейцарии. За пределами Европы компания представлена в Китае, Иране, Турции, Кувейте, ОАЭ, Саудовской Аравии. Ныне компания осваивает Казахстан и Центральную Азию.

В своей работе издательский дом придерживается принципов Делового кодекса Axel Springer, созданного в 1967

г. в Германии. Среди основополагающих принципов Кодекса: неукоснительное соблюдение законодательства, принципов независимой журналистики, социальной ответственности и принципов эффективного корпоративного управления – важных атрибутов компании международного класса.

КазНУ им. аль-Фараби располагает on-line доступом к каталогам продук. издательства Axel Springer SE. Встреча была полезной, в контексте динамичного развития вуза в рамках Стратегии «Казахстан-2050».

Интервьюировала  
Гюльнар МУКАНОВА  
доцент.

## АКТУАЛЬНЫЙ «ИМПАКТ-ФАКТОР»

Мне повезло посетить лекции профессора Майкла Брауна из Университета Вайоминга (США), который вел занятия для всех желающих из разных факультетов КазНУ им. аль-Фараби «Academic publishing workshop» («Мастерская академического издания»). Эти лекции очень актуальны в настоящее время, т.к. перед каждым преподавателем стоит задача издания статей в научных журналах с «импакт-фактором».

Занятия профессора Майкла Брауна как раз и помогают решить эту важную задачу, причем с детальным объяснением научных требований к таким изданиям. А это и основные части структуры статьи: абстракт (abstract), введение (introduction), основное содержание (content), которое состоит из: обзора литературы (review of literature), методов исследования (methods), результатов (results), обсуждения (discussion), заключение (conclusion) и список использованных источников (references).

Как отмечает профессор М Браун, у каждого научного журнала свои специфические требования к статьям для их опубликования, но общие принципы выявляются при подробном их рассмотрении. При конкретном подходе к подготовке статей для издания за рубежом, как в Азии, в Европе и в США, можно заметить пункт «методы» (methods). Необходимо описать какие методы исследования вы используете в своей научной статье. М. Браун приводил многочисленные примеры из своей научно-педагогической и редакторско-издательской деятельности, т.к. помимо исследовательской работы и преподавания он является главным редактором научного журнала «Journal of Radio and Audio Media» (журнал «Радиовещания и аудио медиа»).

Лаконичность, доходчивость, убедительность, аргументированность – все эти качества профессора М. Брауна, ведущего занятия на английском языке курса «Academic publishing workshop», сделали их полезными, интересными и запоминающимися. И наверняка в следующем учебном году в университете будет намного больше опубликовано статей наших преподавателей КазНУ с грифом «импакт-фактор».

Сауле БАРЛЫБАЕВА, д.и.н., профессор,  
Карлыга МЫСАЕВА, к.ф.н., доцент,  
зам. декана по научной работе и международным  
связям факультета журналистики КазНУ

# ТҮБІ БІР ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ БАСҚОСУЫ

Жақында Түркияның Нийде қаласында Нийде университеті М. Қашқари атындағы Ұйғыр-қытай ғылыми-зерттеу орталығының, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің (Қазақстан) және М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің (Ресей Федерациясы) ұйымдастыруымен I Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы өткен болатын. Симпозиумның мақсаты – түркі әлемінің өзекті мәселелерін қарастыру, осы бағыттағы зерттеулерді дамыту, түркітануға, оның ішінде, тіл, әдебиет, білім, тарих, әлеуметтану, археология, өнер тарихы, халықаралық қатынастар, байланыс салалары бойынша өзекті мәселелерді зерделеу, талқылау, даму болашағын бағамдау, түркі халықтарының ғылыми байланыстарын жетілдіру. Симпозиумға 400-ден астам шетелдік және Түркия мемлекетінің түкпір-түкпіріндегі университеттер мен ғылыми-зерттеу мекемелерінен ғалымдар, сондай-ақ ізденуші докторанттар мен магистранттар да қатысты. Симпозиумға қатысуға әлемнің әр түкпірінен 817 ғылыми мақала жолданған екен, соның ішінде симпозиумның алғашқы үш күнінде 400-ге жуық баяндама тыңдалынып, талқыланды.

Жиынға АҚШ, Германия, Италия, Қытай, Жапония, Ресей, Иран, Албания, Моңғолия, Украина, Ауғанстан, Македония, Иордания, Косова, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан мемлекеттерінен келген ғалымдар өз баяндамаларын ағылшын, түрік және түркі халықтарының тілдерінде жасады. Симпозиумды әдебиет пәні факультетінің конференция залында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры Д.Ж. Нөкетаева ашты. Нийде университетінің ректоры Аднан Горур өз сөзінде түрік әлемі дүниесінің маңызды мәселелерін шешу үшін жаңа әдіс-тәсілдерімізді, жаңа ғылыми ой-пікірлерімізді ортаға салу, тәжірибе алмасу маңызды екендігін атап өтті. Симпозиумның ашылу салтанатында әр мемлекеттен келген қонақтар құттықтау сөздер сөйлеп, Нийде университетіне әкелген сыйлықтарын табыс етті.

Қазақстан Республикасынан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетімен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, С. Демирел университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті, Азаматтық авиация академиясы, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ш.

Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, т.б. ғылыми мекемелер мен университеттердің оқытушылары, доценттері мен профессорлары қатысты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары: доцент Г.А. Тастемірова, Н.Қ. Мәтбек және С.А. Нусупбаевалар Нийде университеті кітапханасына «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінің» 11 томын, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеуші ғалым, профессор Алма Қыраубаеваның кітаптарын, доценттер Г.А. Тастемірова, Н.Қ. Мәтбектің зерттеу еңбектерін сыйға тартты. Нийде университетінің ректоры, профессор Аднан Горур да өз тарапынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен келген қонақтарға ұлттық қолөнер бұйымы – шағын түрік кілемін тарту етті.

Баяндамалар университеттің М. Қашқари, Ә. Науаи, Білге қаған, А. Ясауи, әл-Фараби, Жүсіп Хас Хаджип, Қорқыт Ата есімдерімен аталған мәжіліс залдарында тыңдалды. Әрбір секция мәжілісінде төрт ғалымның баяндамасы тыңдалып, талқыға салынды. Әр күн сайын жеті мәжіліс залында барлығы 150-дей ғалымның баяндамасы тыңдалды. Симпозиумның соңғы күнінде Нийде



университеті басшылығы қонақтарды Каппадокия, Невшехир қалаларының тарихи орындарына, Деринкую жерасты қаласына, Учхисар қамалына, Гереме аспанасты мұражайына саяхатқа апарды. Сондай-ақ мәдени шаралар, концерттер ұйымдастырылды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің фольклорлық ансамблінің концерті мен бишілер тобының өнері де ұсынылды.

Нийде университеті 1992 жылы құрылғанымен, халықаралық білім кеңістігінде өзінің алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі екендігіне симпозиум қонақтарының көзін жеткізді. Сондай-ақ университет оқытушылары мен студенттеріне ерекше жағдай жасалынғандығы, білім алушылардың жан-жақты дамуына: білімі, денсаулығы, мәдени, спорттық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына айрықша көңіл бөлінгендігі

тәнті етті.

Симпозиумға қатысушы ғалымдар мен зерттеушілер түркі дүниесінің маңызды мәселелері бойынша жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар, түркітанудың өзекті мәселелері жайлы зерттеулерін ұсынды.

Халықаралық Түркі әлемі зерттеулерінің II симпозиумы келесі оқу жылында Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде өтілмек болып шешім қабылданды. Түбі бір түркі жұртының ынтымақ-бірлігі, достық, әріптестік қарым-қатынастары одан әрі дами беретіндігіне зор сенімдеміз.

**Н.Қ. МӘТБЕК,**  
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің доценті м.а.

## МАЙКЛ БРАУН,

ВАЙОМИНГ УНИВЕРСИТЕТІ (АҚШ) КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ

# “Қазақстандық студенттер жан-жақты әрі ақылды”

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті студенттеріне екі апта бойы Вайоминг университетінің (АҚШ) Коммуникация және журналистика факультетінің профессоры Майкл Браун дәріс курсына оқыды. Берілген мүмкіндікті пайдаланып, алған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

**- Не себепті журналист болуға бел будыңыз?**

- Жоғары сыныптарда оқып жүргенде журналист болуға шешім қабылдадым. Екі ди-джейге көмек бердім. Ди-джейдің жұмысы радио дикторларына танымал әуендерді ұсыну болды. Радионың адамдарға үлкен ықпалы бар екендігіне таң қалдым. Мен колледжде радиожурналистиканы оқып, АҚШ-тың радиоиндустриясына белсенді араластым. Көптеген радиобағдарланы тәуелсіз продюсер ретінде жасадым. Жұмыстарымның тақырыбы қазіргі Америка қоғамының өміріндегі әр түрлі музыканың рөлі жайлы.

**- Сіз үлгі тұтатын журналист бар ма?**

- Американың 1950-1960 жылдарындағы радиожурналистикасындағы Эдвард Мюрреуді үлгі тұтамын. Ол өз ісінің хас шебері, жақсы радио репортер

болды. Қазіргі радиожурналистиканың моделі - оның жұмысының жемісі.

**- Сіз дәстүрлі БАҚ-тың болашағын қалай елестетесіз?**

- Қазіргі таңда БАҚ үлкен өзгерістерге ұшырауда. Жаңа технологиялар маңыздылығы дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда басым екені әркімге мәлім. XXI ғасырда ақпарат алу үшін мобильді телефондар, планшеттер және компьютерлерге жүгінеміз. Қазіргі журналистердің міндеті дәстүрлі БАҚ-ты негізге алып, жаңа технологиялармен ұштастыру.

**- XXI ғасырдың журналистикасына қандай баға бере аласыз?**

- Бұл күрделі сұрақ. Журналистика адамдардың өміріндегі маңыздылығын сақтағанша бағаланады. Журналистика жаңа ақпарат құралдарын қолдана отырып, халыққа ақиқат пен редакторлық мазмұны бар ақпаратты ұсына білуі тиіс.

**- Журналистика факультетінде білім беру әдістемесін қалай бағалайсыз?**

- Мен үшін әдістемені бағалау қиын. Біз көптеген білім беру дәстүрлері мен мәдениеттерін тәжірибе ретінде байқап көрдік. Бірақ біздің ізгі мақсатымыз – олардың табысты оқуы мен білім алуға

деген мүмкіндіктерін жетілдіру.

**- Қандай айырмашылықтарды байқадыңыз? (Өзіңіздің тәжірибеңізден)**

- Менің сабақ беру стилім студенттермен бірге өзара қарым-қатынаста болу. Яғни мен студенттердің тек тыңдап қана емес, менімен бірге әңгіме құрғанын қалаймын. Студенттерде жақсы идеялар туындайды және мен олардың қазіргі БАҚ жайлы ойларын білгім келеді. Олардың арасында кішігірім кедергілер туындайды (тіл жағынан). Менің Қазақстанға келген сапарым барысында көз жеткізгенім, қазақстандық студенттер жан-жақты әрі ақылды.

**- Сіз Қазақстанда болдыңыз. Алған әсеріңіз?**

- Бұл менің Қазақстанға екінші сапарым. Менің университет профессорлары және студенттерімен жасаған жұмысым сәтті болды, өзіме ұнады. Бір профессор маған қазақ тілінде оқуды үйретсе, кейбір студенттер мені қазақ дастарханымен таныстырды. Оған қоса, Астана мен Қарағанды қалаларына сапар жасауға мүмкіндік болды. Қазақстанның білім сапасы мен адамдардың мінезіне тәнті болдым.

**- Сіздің Алматы қаласындағы**

**сүйікті баратын жеріңіз бар ма?**

- Алматыда тауға бардық. Менің балалық шағым Алматы сияқты таулардың арасындағы кішігірім қалада өтті. Сондықтан да бұл қалада өз үйімде болғандай сезіндім. Тағы да мені Алматының парк сандары, әсіресе, Тұңғыш Президент паркі таң қалдырды.

**- Жалпы Қазақстан туралы не айта аласыз?**

- Мен үшін Қазақстан өзгеше мемлекет. Мұндағы адамдардың қонақжайлылығы ұнады және мен өзімді өте ыңғайлы сезіндім. Қазақстанды менің тұрған жерім - Вайоминг штатымен салыстырғанда оның кең даласы, жылқысы, минералды тыңайтқыштар мен энергия қуатынынан пайда келтіруге ұмтылуы сияқты көптеген ұқсастықтары бар. Мен Қазақстанның Орталық Азия және одан да басқа дамушы елдер арасында көшбасшы болатынына сенімдімін.

**- Сұхбатыңыз үшін үлкен рахмет!**

**ЕСКЕРТУ:** сұхбат ағылшын тілінде алынды, “Қазақ университеті” газеті үшін қазақ тіліне арнайы аударылып беріліп отыр.

**Алтынай АЙТБАЕВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің 2-курс студенті

Выставка «Высшее образование в Китае» с участием более 17 вузов КНР состоялась в КазНУ



# ЖИЗНЬ КАК СЛЕЗА

Ты вырезан искусно, как печать,  
Чтобы векам свой оттиск передать.

В. Шекспир, сонет 11



**Судьбы известных людей всегда уникальны. Биография нашего Сагымбая Кабашевича Козыбаева, яркого публициста, видного общественного деятеля, неугомонного первопроходца казахстанской журналистики и науки, тесно связана с историей страны, ее стремительными зигзагами и удивительными перипетиями. Встречает свой юбилей Сагымбай Кабашевич по-журналистски, в его творческом портфеле – новые книги, пособия, статьи, эссе и, конечно, новые задумки и идеи.**

Имя Сагымбая Кабашевича Козыбаева, доктора исторических наук, лауреата премии Президента Казахстана, шестикратного лауреата премии Союза журналистов Казахстана, президента Академии журналистики Казахстана, профессора факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби известно не только в Казахстане, но и далеко за его пределами.

Его судьба – яркий пример формирования личности, твердо знающей свою цель, уверенно движущейся по намеченному пути. Родился будущий летописец истории казахской журналистики 16 июля 1944 года в селе Жана-Турмыс Мендыкаринского района Костанайской области. Детство пришлось на послевоенное лихолетье, когда людьми двигали две силы – самоотверженный труд и вера в счастливое будущее.

Отец, Кабаш Козыбаев, деятельный и неугомонный человек, с активной гражданской позицией, был председателем колхоза. О нем до сих пор ходят легенды. В период Великой Отечественной войны, чтобы помочь защитникам Сталинграда, он продает все свое имущество и покупает звено военных самолетов. Это были столь нужные фронту бомбардировщики. На крыльях их – имя и фамилия Кабаша Козыбаева. Возможно, именно они бомбили Берлин.

Родители воспитывали детей в строгости и уважении к труду и своей земле. Как вспоминает Сагымбай Кабашевич: «Отец относился к маме

демократично, проявляя чудеса дипломатии, он был честолюбив и великодушен одновременно. Все, что я видел, было хорошим примером для подражания. Отец умел быть добрым, но жестким». Старший брат – Манаш Козыбаев стал ученым-историком, академиком. Его именем назван Северо-Казахстанский университет, улицы, школы в городах республики. Но мало кто помнит, что он перенес в свое время инфаркт из-за несправедливости власти предрержащих. Его труды были названы крамольными и сожжены.

Сагымбай Козыбаев трепетно хранит память о своей семье. В 2013 году вышла книга «Звезды в небе», посвященная памяти отца и включающая в себя очерки о семье, близких и родных людях.

Заложенные в детстве ценности формируют стремления, «вычерчивают» цель. Сагымбай выбирает для учебы второй по значимости вуз СССР – Ленинградский государственный университет имени Жданова. Ленинград – город особой энергетики, каждый его камень хранит память об исторических событиях. Возможно, именно этот феномен стал для молодого парня из Костаная причиной неистощимого любопытства к жизни, любви к историческим разысканиям, интереса к своим современникам. «Учеба в ЛГУ – это была серьезная школа. Практиковалась система своеобразных мастер-классов. У каждого преподавателя была своя группа студентов, человек по десять. Это была демократичная система, настоящее кураторство. Преподаватели особое внимание оценкам не придавали, видимо считали, что жизнь покажет, кто на что способен...» – отмечает Сагымбай Кабашевич.

С искренней любовью и теплотой вспоминает профессор своих учителей: А. Бережного, С. Смирнова, В. Соколова. ... Серьезное влияние на становление его мировоззрения также оказали книги любимых авторов: Маяковского, Ремарка, Хемингуэя. Тогда же определился жизненный девиз: «Человек рожден для того, чтобы побеждать!».

В 1970 году Сагымбай Козыбаев, окончив факультет журналистики Ленинградского государственного университета, возвращается на Родину, став первым казахом, окончившим престижный вуз Северной Пальмиры. Жизнь готовила ему еще немало дорог и тропинок, которые надо было прокладывать и преодолевать первым, стоять у истоков, начинать с нуля большие проекты, воплощать в жизнь самые фантастические планы.

Первые шаги в профессии пришлось на эпоху небывалого развития радио и телевидения. Стремительная карьера молодого журналиста – редактор, старший редактор, зам. главного редактора – состоялась благодаря счастливому стечению ряда обстоятельств: молодость и талант Сагымбая Козыбаева, его особое чувствование слова и образов, умение увидеть в обыденном вечное и прекрасное, хорошие учителя, с тонким филологическим чутьем, технологический прогресс отечественного телевидения и радио – все это способствовало зарождению казахстанского пула журналистов, пионеров электронных СМИ республики.

Не удивительно, что в 1974 году Сагымбая Кабашевича приглашают работать в КазГУ. Журфак 70-х прошлого века находился в квадрате между Оперным театром, консерваторией, Старой площадью и улицей Фурманова. Здесь будущих журналистов гостовали Тауман Амандосов, Михаил Дмитриевский, Северин Матвиенко, Зейнолла Турарбеков, Леонид Кулинов, Юрий Крикунов. Тогдашние студенты с теплотой вспоминают и молодых преподавателей, выделяющихся своей неординарностью – Марат Карибаевич Барманкулов и Сагымбай Кабашевич Козыбаев. О демократичности Сагымбая Кабашевича, универсальности знаний и умении бесконфликтно решать спорные вопросы, а также о его способности беззлобно, немного наивно воспринимать жизнь рассказывают многие его коллеги и ученики. Возможно, эти качества, данные от Бога, как некий дар уметь увидеть только хорошее, не замечая или быстро забывая плохое, подарили Сагымбаю Кабашевичу множество друзей, любовь учеников, признание коллег. Сним нельзя сплетничать о ком-то, обсуждая или осуждая. Можно только порадоваться за успехи или искренне посочувствовать.

Тогда, в 70-е Сагымбай Кабашевич, уже опытный журналист, приходит в студенческие аудитории со своим видением профессии, остро ощущая «недописанность» некоторых исторических фактов, недосказанность ученых книг. Да, было что рассказать студентам, но важнее было самому найти ответы на многие вопросы, умалчиваемые официальной историей. Увлечение наукой приводит к защите кандидатской диссертации в начале семидесятых и затем докторской по истории журналистики.

